Мені ұнатқан болса да адам жетерлік
Жандарым да бар жақлаған.

Қызығым да көп әлі көрмеген
Арманым бар құлашын алға сирмеген
Сэттілік деген айға қарай домалап
Шаршап та жүрмін киындық атты өрде мен

1999ж

Еске алар үш жігіт

Келермін кайтып, келмеспін
Көрермін енді көрмеспін
Алматым менің астанам
Өзінде отті он бес құн

Астанам менің бүгінгі
Көрмедім жазғы гүлінді
Ортасы болмай ақпанның
Көктемнің демі білінді.

Астанам менің қазіргі
Құрықсан бойым жазылды
Касымда болып үш жігіт
Сүйетін әнді, әзілді

Жаксы гой үлкен бола алған
Үлкенмен кіші оңалған
Кішіге кеңес менен де
Інілік кызымет олардан.

Сый керіп көnlім марқайды,
Коштасу сәті сәл қайғы.
Есіме салар осы өлең,
Курста болған жарты айды.

Достыктың білссө бағасын,
Сағыныш отын жағасын
Есіне алар үш жігіт
Көкшелік ақын ағасын.

1991 ж

Астанам

(әні Қасымжсан Хасеновтікі)
Сарыарқаның белінен,
Орын алған астанам.
Жаңа тарих төрінен,
Көрінс алған астанам.

¶
Көпшілікті тойымен,
Тоғыстырған астанам.
Ел басының ойымен,
Коныс құрған астанам.

Алтын ұя ән-жырға,
Болып тұрған астанам.
Бас кала бол бір жылға,
Толып тұрған астанам.

Сенің көркем қалпыңды,
Айтсын ұрпақ ән-қылып.
Қазақ деген халқыңды,
Куанта бер жаңғырып.

Қайырмасы:

Астанам, астанам
Жана қалам бас қалам
Астанам астанам
Ыстықсың сен басқадан

1998ж

* * *

Білімнің нәрі болсын саған жыл азық,
Өзінмен өз бол тұрудын жайын біраз ұқ.
Мен сені тастап Алматыдан кеткенде
Көнілім қалды-ау құлазып.

Әңсінің көнілі балада, көнілің қайда ал сенін,
Ата-ананың үмітін атқарсың деген бар сенім.
Астанада оқып азамат болып шығар деп,
Тұрғандай күтіп барша елін.

1986ж

* * *

Қол бостық жіберседе зеріктіріп,
Бойына алсадағы желік кіріп.
Курортта ұмыттағы конягіңді,
Коктейль іш көпіртіп көбік қылып.

Болса егер жүйке, жүрек тозғаны анық,
Емдел ал суға салып, сазға малып.
Еркектің сесрлігін үйде қалдыр,
Бұл жерде жасап жүрмс бозбалалық.

* * *

Токтадық суға бойлап ортан белден,
Шынымен қорқамысың Шортан көлден.
Болайын кайығыңда, ескегің де,
Жағадан келсейші ұзап қалқам бермен.

Ұнадың еркे қылық, еркे үніңмен.
Күлкіңе көңіл ашар елтідім мен.
Көл суын малтып өтпес мұхит көрсөн,
Тереңнен алып шығар дельфиніңмін.

Табанды қытықтатып бел түгіне,
Болмаса кетейінші «жер түбіне».
Суға смес жаланаш тән салқындасын,
Төгілгсін қолан шаштың желкіліне.

1986ж

Қызғанамын

Басына ағаштардың от өрмелеп,
Айналса сары алтынға құзгі алабым
Бірге үшіп махаббатын кетер ме деп,
Мен сені қайтқан құсттан қызғанамын.

Ақпан қыс- ағайыны қайта келген,
Тік тұрып күтіп жатса тұз конагын.
Сыбырлапәлде бір сыр айта берген,
Мен сені кешкі аяздан қызғанамын.

Жылы жел, жас жапырақ күбірлессе,
Көктемде өнір қайта жаңағанда.
Мойның оралар деп қоңыр кеште,
Қызғанып жүрсем сені самалдан да.

Өзіннен көрмесем де, оғаш қылық,
Сырына кім жестді қыз баланын.
Кетер деп қалыныңда адастырып,
Жаз келсе жасыл батқан қызғанамын.

Тағы алдап сксумізді қосқан арман,
Кеудем бұл махаббатқа толмаған ба?
Қызғанып келем сені басқалалардан,
Қасымда өзін, жаным болмағанда.

1987 ж

* * *

Өлсінің тоқымына тср сіңголі,
Тұлпар көніл басқаны жерсінбеді.
Сөз қуып Алматыға кетер кезде,
Токтатқан сенсін мені.

Өлеңмен мал тапқанның табысы өнсін,
Өзі үшін қақсағанның жағы смесін.
Деп біліп қаламымды тастар шакта,
Токтатқан тағы сенсін.

1987 ж

8 март дастарханында оқылған өлең

Көркемсің майға ауысқан қоқтемдейсін,

Сен бірақ ол сөзіме көп сенбейсін.

Жок жаным үш ұлынын ортасында,

Үш есе сұлуланып кеткендейсін.

Десем сен көріктісің қоқтемдейсін,

Сөзіме құдікеніп көп сенбейсін.

Жок жаным қоқтем емес күнім болып,

Кеудеме сөнбес сәүле төккендейсін.

Шашынды мейлі уақыт алтындасын,

Мен үшін жиырмадағы қалпындасын.

Жылдарын жылжып еткен есеп емес,

Тек қана маҳаббаттар сарқытmasын.

Тұрмыстың алға тартып қыын көшін,

Достармсн бірге өткіздік жиын кешін.

Жок жаным, жас жетті дег айтпа маган,

Алғашқы кол ұстасқан күйіндеңін.

P.S Бірді елу, біреуді алпыс алқымдады,

Софама көріліктің салқындары.

Жұбайлар қала бсрсін жас ару боп,

Алғашқы қол ұстасқан қалпындағы.

* * *

Артынан өсек-аяң сөз ілінбей,

Үлкен аға, ал кіші өз ініндей.

Тұрмыста бағын жанған кез болады,

Картаның қолға шыққан көзіріндей.

Алыс та, жакынын да туыс борі,

Дос, жолдас, құрбы келмес суықсалы.

Параңда шықса қазір бар көнілдес,

Бәлкім сен болар ма едін ту ұстары.

Танысың пейілге де асқада мырза,

Өзіңс өзің ырза басқа да ырза.

Тұрмыста бағын жанған кез болады,

Мергенге кездескендей таста құлжа.

1988ж

Шығып тұрмын тағы да бір белеске

Қазір менде мінез басқа, өң басқа,
Өзгермей тек калдым білем жан доска.
Оған сенсем елу емес тап бүгін,
Бесінші рет шығып тұрмын он жасқа.

Екеумізде екі ұлттың өкілі-ек,
Қос тағдырды қосақтады қекірек.
Жарым айтса елу емес мен казір,
Жиырма босқын шығып тұрмын сікі рет.

Оты сөнбей сенім менен үміттің,
Елу қысым тоңдырып, слу жазым жылтытың.
Інілерге шал шығармын қаусаған,
Ағаларға жанып тұрған жігіттің.

Өмір атты сапардамын жай анық,
Орта жолда қала алмадым аянып.
Тұстенерлік жерден өтіп сүрінбей,
Қонар жерге калдым ба екен таянып.

Кез жұмылса жырым салар мені еске,
Тірі болсам елен өзім емес пе.
... Өмір атты ақ сапардың үстінде,
Шығып тұрмын тағы да бір белеске.

1988 ж

* * *

Аз айтылып жансыры көпкө ашылар,
Сезім бар отқа шыдар, оққа шыдар.
Бірсуінсіз бірсуі тұра алмайтын,
Сүйіскен біздей жандар жокта шығар.

Күтпесс басы қурап текке сынар,
Махаббат одағы бір екпе шынар.
Бірін бірі құдайдай сыйтап тұрар,
Жарасқан біздей жандар көп ті шығар.

1988ж

* * *

Сен патша да мен сенің бағыныштың,
Алдыңда әлде нeden жаңытыстым.
Алыста хат хабарсыз жатып алып,
Жазалайсың қолымен сағыныштың.

Сен ханша да мен сенің қараң болам,
Ү мітсен үкім күтіп алаңдаған.
Сағыныштың қолымен жазалайсын,
Уақыт боп сесмері жалаңдаған.

1988ж

* * *

Дөңгелеп Жер күнді айналып зыр қакса,
Мезгіл жетіп солады екен гүл бакша.
Шыдар күз бен қысына да тағдырдың,
О, махаббат, сенің жөнін бір басқа.

Жақындар көп құрбылар да, құрдас та,
Ұмытатын кезден тайып қырды асса.
Алыс кету берген сертке сын болған,
О, Махаббат, сенің жөнін бір басқа.

Ұмытады шын жолдаста, шын доста,
Өмір заны өкпелсеме құр босқа.
Бір-адамның жүргіндегі бірсүр мәңгілік,
О, Махаббат, сенің жолың бір басқа.

1990ж

* * *

Әйел көзі өңмениңнен өтер ок,
Әйел сөзі жолға салар төтерек.
Әйел үшін шарап та ішіп қоямыз,
Аләйелсіз масқунем боп кетер ек.

Көз жеткізбей болған істің паркына,
Әйсл үшін түсіп жүрміз талқыға.
Әйсл үшін күйде батсақ күнага,
Ал, әйслсіз түсер едік Адам ата қалпына.
1988ж

Уақыт жастығымды қайтар маған!

Сөзім бар-ды бір жанға айта алмаған,
Сезім бар-ды өзгеге байқалмаған.
Ксім қалды түндерін ой қармаған,
Жерім көп қатты кеткен, каты ксткен.

Уақыт жастығымды қайтар маган!
Күндерім болмау үшін борыш басқан.
Түзейін қадамымды шалыс басқан,
Жетейін киялымға гарышты асқан.
Орындағын бар сертті кол ұстасқан,
Уақыт жастығымды қайтар маган!

1989 ж

* * *

Тек өзің жаным мені жас қөретін

Қысылсақ үлкендікті алға ұстаймыз,
Кей-кейде бір ақылгей шалға ұқсаймыз.
Тойға емес бүрүнғыдай, қызықка емес,
Дәрігерлерге көбірек барыштаймыз.

Кез етіп қабырга мен төс беретін,
Табакта болды бізге бас келетін.
Ағалап кебейгенде сыйлаушылар,
Тек өзің жаным мені жас қөретін

1990 ж

* * *

Ерін не, ат беліне салмағасын,
Емін не, бойдағы дерт калмағасын.
Ерлігін де ерлік боп саналмайды,
Елің үшін ажалға бармагасын.

Қамалын не, жау өтсе қакпасынан,
Қартын не ақыл кетсе ақ басынан.
Куанышың қуаныш бола алмайды,
Куанысар дос таппай тап қасынан.

Жүйрігін не, бәйгеде озбағасын,
Жібсігін не, киіліп тозбағасын.
Жырың не, оқылмаса көп алдында,
Жамағаттан алмаса өз бағасын.

1990ж

* * *

Махаббатым жалғыздық бұлтын тұрғен күн,
Сийлді содан шым-шымдаған бойға кірген мұн.
Ертістегі сені білмей жайсан Жемнін бойында,
Жиырма екі жыл өзіңсіз қалай жүргенмін.

Табиғат ұста сол сокқан мен бір мың шеге,
Ақтөбесден суырып алып таstadtы қағып Көкшеге.
Қой көздерің көк аспаным болып қарсы алды,
Қара кезді кей құrbым мейлі сөксө де.

Сезім ғұлдің бар нәрін жинағ құйып ап,
Бал ара жүрсек өзіңс ғана сиынад.
Жиырма екі жыл өзіңсіз қалай жүргенмін,
Жиырма екі тәулік көріспей тұру қыын-ак.
1986 ж

* * *

Үш ұлға ана өзінді,
Шау тартты деуге қимаймын.
Шешімін тапқан сөзінді,
Төртіншің болып тыңдаймын.

Күндерім бакыт әкелед,
Сезімнің сені бұзылмай.
Келемін сені мәпелеп,
Мандайда жалғыз қызыымдай.

Айырылсам аз күн сағынып,
Өзінмен өтті әрлі шак.
Тәнірімдей келем табынып,
Сенетін дінге шалға ұқсан.

1986 ж

* * *

Пар аттай айдаушыдан камшы жегсон,
Бұлкілге бастырады танцы деген.
Би алан - сонарлы алқап андысады,
Қызы-тұлқі, жігіт деген аншыменен.

* * *

Білmedім ерсілік пе, сстілік пе,
Қызы іздеп шыға қалдым кешкіліктे.
Қалындық қалың беріп ала алмайсын,
Төрт емес болсада мал бес тұліктен.

Шығыстың бір сұлуын сұраганмын,
Соны естіп көкжиекке құлаган күн.
Қаранғылых ұстатты бір білектен,
Қарасам, сары қызы славянның

1965 ж

* * *

- Өмірге риза болып қөріппе едік,
Жатсада жақсылығын үйіп - төгіп.
Отіріккес ойланбай сеніп келіп,
Ал шындыққа қараймыз сезіктеніп.

Ұрынсақ қателікке естілікпе,
Қателіктен өзіміз безіп келіп.
Жармасып ата салт деп ескілікке,
Жаңалыққа қараймыз сезіктеніп.

1994 ж

Жар жанары

Өзінмен өткен күндерде,
Көрген жоқ түсіп басқа мұн.
Көнілге кірбің оралса,
Құлқінмен түріп тастадын.

Үш ұлым болса үш бакыт,
Төртінші бакыт өзіңсін.
Көгілдір скі аспаным,
Аз ба кеп пе бар шығар қырдан асқаным.

Отыз бес артта ой толығар жастамын,
Жиырмада жанган маҳаббаттың қелемін отын
сендірмей,
Көгілдір екі аспаным.

Абайды жалғастыру

*Етіміді шал сипаган құрт жесін деп.
Жартастан қыз құлапты терең суга.
Абай.*

Сұтатын заман ба сді адамды аска,
Қоспай ма тым болмаса замандасқа.
Ку шалға қутындаған бұйырам ба,
Малды жан болмады ма одан басқа.

Бағатын шак келді ме ошак басын,
Көнейін бір бозбала құшактасын.
Күйеуден күйек сақал қорқарым жоқ,
Өлтірсін, түтіп жесін, пышактасын.

Жолы осы деп отыр ғой аталардың,
Он үште қалай катын аталарамын.
Көрімен катқан тулақ сияқтанған,
Апымрай бір тессектес жата алар кім.

Бұлбұлды жар қылмайды алып қарға,
Бүгінде менен аскан ғарып бар ма
Жүргенше көк есекке қосақтандып,
Жем болам су түбінде балыктарға.

1969 ж

Бір жан бар

Нәркес көз жалт қараса ой салдырад
Құлқісі таудан акқан коусор бұлак.
Бір жан бар көп сұлудың арасында ,
Өзгеден көрінетін байсалдырақ.

Кын-ау мені жөнсіз елікті деу,
Шығар ол менен бәлкім еріктілеу.
Бір жан бар көп сұлудың арасында,
Өзгеден көрінетін көріктілсу.

Өтеміз өмірде сан сынектардан,
Күткениң шыға бермес бірак та алдан.
Бір жан бар көп сұлудың арасында,
Өзіме бір көргеннен ұнап қалған

1974 ж

* * *

Азайып жан жайлаудың бағар малы,
Дей алмадым жастықтың жоғалды әні,
Әйтседе көnlімі дақ салады,
Самайда бір тал шаштың агарғаны.

Дай алмадым жастықтың жоғалды әні,
Таусылған жок жүрсектің ақ арманы.
Сонда да бір тал шашка қарамаймын мен,
Сол ма деп көріліктің шабарманы.

* * *

Балаға нан малына жем керек деп,
Бізді тұрмыс осылай дөнгелетпек.
О, музға ренжімге отырмадым,
Қолыма калам алып сен келеді дсп.

Жолымыз кетіп еді тегістеліп,
Жүр мс скси бағытымыз тेңіс келіп.
Не де болса бар кінә менен болып,
О, мұза көптен бері көріспедік

1978 ж

Бейтаныска

(Обуге азіл)

Жұргенде ағын судай қозгаласын,
Күлгендे жаққан оттай көзқарасын.
Оқ жылан бозторғай ғып алдын арбал
Кекшетаудың ақ басты бозбаласын.

Май-мизам жоқ қоятын гүлге бөлеп,
Күз кейіп Алматының мұлде бөлек.
Сен болдың карашада жантан жалын,
Шілдесен қалған Эбү бір кебелек.

Алдың ау бейшараның басын байлап,
Жайы бар жатып алар қасында айлап.
Корқамыз елте қайтпай қалама деп,
Өзінмен Алатаудың тасын жайлап.

1978 ж

Күтті боп жаңа қонысын

(Кішкенекөл селосына көшип
кеткен Қыдыrbай Керейбаевқа)

Қосыла шапкан кос аттай,
Қалмадық өмір киқудан.
Сыйластық тінін босатпай,
Ағандай көрдің бір туған.

Балқытып болат сезімді,
Достықты жылдар сомдады.
Ағалап тұрған өзінді,
Інім деп білдім мен дағы.

Ұнатқан жолдас бауырға,
Меймандос жансың, қонақшыл.
Қаныраған біздің ауылда,
Үйіннің орны қолаңсыр.

Ксійінсін толық ұғармыз,
Қалдырың мұнда сан бслгі.
Сағынатын да шығармыз,
Рашида салған әндері.

Тілменен салтын халқыңын,
Сыйлатқың келді баршаға...
Ұлттым деп өркез сарқылдың,
Бәз біреу ұқпай калса да.

Шығардың көптің алдына,
Жандарды тауып өнерлі.
Халық қабыл алдыда
Думанға талай қосылді.

Жаңалыктарға талпынған,
Талағың осы сан ёссін.
Өзінде қалам тартудан,
Құр алақан емессін.

Баянды болып бар ісін,
Еңбектің көрші жемісін.
Ойыңда өріс кеңісін,
Құтты бол жаңа қонысын.
1998ж.

Касында өзім болғанда

Оніп жазған А. Томекенов
Қанқылдан каздар жеткенде,
Бетінен самал өлксінде.
Алдында жарқын жазын бар,
Қуанба, жаным, көктемес.

Өзенге, көлге бардың да,
Аунадың құмға, шалғынға.
Қуанба, сонда жазға да,
Сары алтын күз бар алдында.

Бактарда гүлдер солғанда
Алмалар пісіп, толғанда
Қуанба, жаным, күзге дс,
Алдында ак қыс тұрганда.

Барғанда карлы орманға,
Арманда мәні, арманға
Қуаныш жалғыз тәк қана,
Қасында өзім болғанда.

2000 ж

* * *

Жалғыздық бола алмайды ерекшелік,
Өтүге өмір жолын керек серік.
Ішінсін жұздің, мынның дос табасын,
Жүректің елгегінде ер ерекшеліп.

Адамзат махаббатқа сіріде асық,
Бірақ ол кейде ұстаппас тұра қашып.
Ішінсін жұздің мынның жар табасын,
Жүректің калауына құлак асып

Кеудесіс күй ағындал жыр тұнуы,
Құмартқан көніл шіркін бір тынуы.
Жұзден таныс ал мыннан жолдас табу,
Бәрі соның жүректің бұлқынуы.

1980 ж

* * *

Махаббатын ажыраттын алғашқысын соңғысын,
Досым сенен менің содан тоңды ішім.
Махаббатын көрген болсан біріншісін соңғысын,
Дей алмадым саған бақыт қонды шын.

Махаббаты көп деп жүрген қай мешеу,
Ол махаббат болар ма еді болса өзі бірнешеу.
Өмір жазы өтіп кетіп келген кезде марқа күз,
Екінші рет сүйдік деп біз сыйластық айтамыз.

1980 ж

* * *

Болмады ойга тыным, қолға тыным,
Жататын тыныш ұйыктап кайда түнім.
Өлеңім ескі таныс жолықты ма,
Ауасы жакпай ма әлде Алматының

Арықтан тау суынан қанып ішіп,
Терек тұр тұнгі жеммен мамығы ұшып.
Байуакта балқондағы мені көріп,
Төмсіндес шәуілді сары күшік.

Қаптаған қалың ойдан бітіп шыдам,
Тұн бойы әлдең ісіні күтіп шығам.
Жігіттер жатыр әне пыр-пыр ұйықтап,
Кеш бойы қыздарды айтып пысықсыған.

1989ж

* * *

Айтылған тост тілектес мұлдас бөлек,
Бұл тойға ән де көрек, күй де көрек.
Алды әне маймыл саусак қу шанағын,
Соққытап екі шекті жүйдемелеп.

Сыбырлап жағасында сан құрағы,
Аккандай терен сайдың сан бұлағы.
Жұз құбылып мінски өүен кетті,
Тыңдайық қасистті домбыраны.

1990ж

* * *

Сан демей көбейді ғой сіз десушілер,
Аға азайып інілер жетілген бс.
Көміді ұрыс майдан іздесушілер,
Ак алмас тасқа шауып кетілген бс.

Жастықта тіктеу еді мінезіміз,
Сөзден іске төзірек көшетінбіз.
Шешілмес мәселені біз өзіміз,
Кей-кейде жұдырықпен шешетінбіз.

Қазірде колдың күшін жолдамаймыз,
Сөз айтсақ үш нұктे мен үтірін көп.
Сіз біз деп кішіге де майдалаймыз,
Тұрсақта кенірдікten мытығын кеп.

Сен демей көбейді ғой сіз десушілер,
Аға азайып інілер жетілгсн-ау.
Көміді ұрыс-майдан іздесушілер,
Ак алмас тасқа шауып кетілгені ау.

1979ж

* * *

Тұскендей салқындар мұз қалыпқа ,
Мінезден калды білсм қызбалықта.
Тағдырдың суығына сыр бормсайміз,
Тондырып тықса да айдал ызғар ыққа.

Куанганда жүгіріп зыр қақпаймыз,
Тұра сөзден кей-кейде сырғақтаймыз.
Жамандаудың ретін жібермесек,
Он мактаудың орнына бір мактаймыз.

Терге озып дастарханда бас та жейміз,
Кішіге аға ақылшы, жасқа биміз.
...Осы бізді меніңше кәрі демей,
Толысар ақыл ойы жасты дейміз

1989 ж

* * *

Болмайды қыз көріксіз қөш қөліксіз,
Қонақсыз үй-үй емес қош келіпсіз.
Қош келіпсіз қәнекей төрлетіңіз,
Демейміз не ерте не кеш келіпсіз.

Төрлетіңіз жоғарлап төрге өтіңіз,
Маган таныс сияқты келбетіңіз.
Білмесек жата тұра бірлесерміз,
Қонақ қәде тек сіздің міндетіңіз.

Дәм берем шарап құям құрак ұшып,
Жүрмесен болғаны тек құлап ішіп.
Ағаның мазасын көп аламандар деп,
Куамын тентектерді қара пұшық.

Тынықсаңыз ол дайын мамық тәсек,
Тәулік емес ай күтсек жалықлас ек.
Мендағы көп қазақтың біреуімін,
Сол қазақты қонақжай халық десек .

1979 ж

* * *

Болсада қызыл тілден пірін мықты,
Ақтап ала алмассың зұлымдықты.
Болсада ниет дұрыс, қадам құтты,
Жеткізіп мактау қыын адалдықты.

Ойынды айтам деген дөп сездіріп,
Жаздырмай жол кеседі көп сөзділік.
Өлеңім таянышқа кескен талдай,
Қиналам соны жонып қысқартпа алмай.

* * *

Ішке теуіп болмаса шыкшытқа ұрып,
Жері жоқ сшкім мені зәбірлесн.
Тәнімді смес жанымды быт-шыт қылып,
Достарымнан айырды тағдыр деген

1980 ж

Тұрмыста көктеменің өзеніндей

Біреуді өмір ошакқа бас көз қылып,
Біреуге қояр тау мен тас кездіріп.
Біреу жүр қолда барға қанағат қып,
Біреуге тұа біткен аш көзділік.

Біреулер жүр даурығып ксуде қағып,
(Мақтаннан жарылмайды пенде не ғып).
Бар бакыттың үлесі соган тиіп,
Өзгелер жатқандай ақ кенде қалып .

Көрмеген жоққа ренжіп кемге налып,
Жандар бар болашаққа сенген анық
...Тұрмыста көктеменің өзеніндей,
Жататын үлкен кіші сендер ағып.

1983 ж

Тыңдай жүрші кәрілердің кенесін

Сұлуларға карай-карай көз кетіп,
Көзілдірік киіп едің тездетіп,
Кішілерге сөз айтам деп агалық.
Кетіпті енді қара шашың ағарып.

Қалжыным ғой ашуланбай тұратұр,
Құлак салсаң тағы айтамын бір ақыл,
Бұлда біздей қартайыпты-ау демессін,
Тыңдай жүрші кәрілердің кенесін.

2000 ж

Тасыну мен басыну

Күн десен көзің, аузың бар деп ай десе,
Аңсадым сені, іздедім сені мен кеше.
Ал мінезің ? Мінезің жүрер ұнамай,
Кездеспей ақ қойсанда болар ендеши

* * *

Алтында табылмайды қазбағасын,
Жылу берер ошақта от маздағасын.
Өлең де қалады екен ұмыттылып,
Ойына оралғанда жазбағасын.

Кыз жауабы

Кеудемді қоя алмадым айқара ашып,
Құдік жүр сенімменен тайталасып.
Қыз жүргегі бұраулы домбыра бір,
Тарта білсең пернесін байқа басып.

Көңілге жылы ұшырап сезінбей үн,
Қалайша нақ сүйерім өзің дейін.
Сенім женсө күдікті маҳабbat ол,
Сынға шыдар қеледі төзім кейін.

2000ж

Кітап

Басталып алғашқы адым әліппеден,
Озіңнен жанымға азық алыш келем.
Бетіңнен өнегелі өмір тауып,
Халық көрем, мәнгі өлмес тарих көрем.

Ақылшымсың екінші сияқты анам,
Сырласып кейде үйкесіз таң атырам.
Бір қуантып бірде сен тебірентесін,
Сонда мен қөзді жаспен шылап та алам.

Келесің жыр актарып күй ақтарып,
Сүрінгенде құлатпай сүйеп қалып.
Сен ұстазда берері таусылмайтын,
Мен жүремін шәкіргің сиятанып

1978 ж

Ашық болшы қарашаның аспаны

Жаздай жауын ен далаға жан кірді,
Тақырга да жусан шығып, жаңғырды.
Пісіп қалған бітік егін көргенде,
Тиылса деп тілейміз сол жаңбырды.

Ұмытқанбыз сол тілсітен басқаны,
Сүмбіле де судын сслін баспады.
Жадау елдің бар үміті өзінде,
Ашық болшы, карашаның аспаны.

Медбикелер

Соғады бір күн сағатың,
Сұлатар сырқат төсеккे.
Сол кезде сені бағатын,
Медбикелер деп есепте.

Жазылмай ауру қарысар,
Талады жүрек, жүйкелер.
Ажалмен сонда алысар,
Ақ халатты бикелер.

Сөз айтса жанға жағады,
Тілекстің теріп маржанын.
Дәрілердің де табады,
Күштің менен арзанын.

Медет кой мұнды көнілге,
Аға деп күтсе ардақтан.
Уколдары женілде,
Мінездері салмақты ақ.

Жасаган емі қонғасын.
Бүгіннен сртсң тәуірсін.
Бұрынғы басың қорғасын,
Жесп-жесніл енді қауырсын.

Бойынды бір кез билеген,
Ауру жау оңай қашпайды.
Қарындастарың инемен,
Дертіңді түйреп тастайды.

1993 ж



Облыстық фельдшерлер байқауының жеңіназы М. Үскакова әрімбестерінің арасында. 2001 ж.

Ауруханада

Саулықта бірін патша, бірін құдай,
Астамдықенде кайда бұрынғыдай.
Бірліктің көшін тарткан аруанаасы,
Сар желіп келе жатып сүріндің-ай.

Біреуді бүрістірген асақазаны,
Біреудін бүйректегі таста жаны.
Бұл үйде жан қиналар жұмыс емес,
Бұл үйде тіршіліктің басқа заны.

Бұл үйде мұсәпірсің, тәусілдісің,
Ашы ине тұшы етіңе - әуслігі сын.
Күдік бар көнілінде коркыныш бар,
Білмейсің сөнгермісің, жанармысың...

1993 ж

Жазылам деген бар үміт

Өзіммен өзім серттесіп,
Жазылам дедім науқастан.
Жамбасым енді шүрк тессік,
Аурумен болған айқастан.

Дәрігерлер алды еркімді,
Медбике, анау, о да би.
Құйғызып қанға ертінді,
Емдетіп жатыр Хадари.

Қысымы қанның ойнақшыр,
Жүректе білем бар жұмбак.
«Ем қонар өлең жазсан» деп,
Дүрімхан кояр қалжындал.

Жамбасым батып жастыққа,
Жатырмын қазір сарылып.
Кос дәрігер болып, кос тірек,
Тұрармын деген бар үміт.

* * *

Шабытсыз сірә қалам ұсталмайды,
Өлеңде сыр толғайды, күй толғайды.
Шешіліп сөйлей бермес шешен жырын,
Айрылмас достык жайлы, достар жайлы.

Бәйгеден келе бермес қосқан атың,
Бійкке ұшсаң талар кос қанатың.
Адассаң өмір таудың шаткалында,
Жол тауып құтқарап сол дос болатын.

Жанынды той думанмен сергітенде,
Алдыңнан құлайтұғын ор құткенде.
Қатты айтып қалыбына түсірер дос,
Мансаптан көніліне жел біткенде

Кеуденің сығып беріп, тамшы нәрін,
Белгілі елің үшін таусыларың.
... Басында қабірінің сол тұрады,
Күн жетін жұмылғанда шамшырағын.
2000 ж

Бұрын айтып қоймасын сол ақындар
Несі айып шықпаса элі әлемге атың,
Сол үшін қайғы-мұңға салынба тым.
Ел еді мал мен сөзді қоса бақкан,
Қазакта жеткілікті дарынды ақын.

Өмірдің қайнарынан алатын нәр,
Сенің де жетем деген мұратың бар.
Сөз келсе айтарынан калма іркіліп,
Бұрын айтып қоймасын сол ақындар.
2000 ж

↳ Немере сүйер шақ келсе...

Бұл дүниеде енді кашан бөгелем,
Бөгелгенде не табамын, не көрем.
Бір кызығым сенде тұрган секілді,
Аталған балдай тәтті немерем.

Айналайын, балаланым, сары үрпек,
Үйде болсам құшағымнан табыл тек.
Бір, екі-үш күн сүйе алмасам өзінді,
Құлатузде калғандаймын шөліркеп.

Былдыр-былдыр сөйлегендегі тілін бал,
Күліп те алам кішкенем деп білімдар.
Қажып кетсем күйбенінен тұрмыстың,
Қой көзінде куат берер нұрың бар.

Сеніменен жаңарғандай тозғаным,
Сен шығарсың кейбіреуден озғаным.
Тіршілікте тірсігімнің бірісін,
Бал бебегім, бауыр етім, өз қаным.
2001 ж

Қасымда бола түсші, тентегім-ау

Бой шөгіп кеткен кезде, ой шабандап,
Басыма қонғандай ма қайтадан бак.
Бір өзім бір рулы елдей болам,
Қасыма сен ергенде томпаландалап.

Қонаққа мәніменен барсан жансық.
(Балаға көрмеген үй о да таңсық),
Төр смес, хан тағына шыққандаймын,
Тіземде сен отырсаң момақансып.

Шашымды шалмағанмен ерте қырау,
Бәрі бір өмір деген келте мынау.
Көрсім бе сінді қызық, көрмеймін бс,
Қасымда бола түсші тентегім-ау.

2001 ж

О, сәбілік өмірімнің гүл шағы

Құлкі ерінде, жас тұр көздс мұндалап,
Куану да, жылауын да жылдам ак.
Жұмсақсың сен әрнәрсеге атанды,
Атаң сені болар десе қолғанат.

Жалықпастан тыңдай берем сейлесен,
(Тек алдағы қағазыма тиме сен).
Домбыра да, мандолин дс тұр дайын,
Тартып бсрсм қамажайды биллесен.

Үйдің ішін өттің, міне, он шарлап,
Өзге түгел ойында бар ән салмак.
Командирше бұйрық бердің қаншама,
Орындаған соның бәрін мен солдат.

... О, сәбилік бұл өмірдің гүл шағы,
Немереммен кайта келіп тұр дағы.
Эжсі сенің сашнэрссі түсінбей,
Бала болдың баламен деп ұрсады.

2001 ж

Неге мен енді өмірден торығамын

Құтыным, қоңыр қозым, ор лағым.
Өзіңсін шалар күйім, айттар әнім,
Бір мезет еркелетсем, қолдан түспей.
Атаңың аймалайсың омырауын.
Жанымның шымырлатып шынырауын.

Құтыным, қоңыр қозым, ор лағым,
Құлқінен куанышка молығамын.
Құн сайын еркелетіп, беттен іскеп,
Құн сайын бақыттыма жолығамын,
Неге мен енді өмірден торығамын.

2001 ж

Қасында бола тұрғым келеді

Жүгірсек құлап қалатындей көріп,
Өзіммен сртө кеткім келіп тұрады.
Күлмесен жылап қалатындей көріп,
Еркелеткім келіп тұрады.

Ақылыңа ақыл қосканша,
Қындықтың бетін бұра тұрғым келеді.
Сен аяғынды нық басқанша,
Қасында бола тұрғым келеді!

2001 ж

Көнілдің осы күйін түсін жаным

Домбыраның бұрын жоқ бердің сазын,
Жүзіңнен көрдім өмір жарқын жазын.
Алдына алып келді тентек тағдыр,
Сен болдың үкім айттар әділ қазым.

Көнілдің осы күйін түсін жаным,
Кеудемнің іші шокта, сырты жалын.
Жүруші ем ақынмын деп әнші болдым.,
Өзіңе ауғаннан соң ынтызарым.

Көнілдің осы күйін тұсін қалқам,
Шат емес бұрынғыдай сезім дархан.
Сырт көзге сап-сау болып керінгенмін,
Бұлінген жан дүнием, алкан-талқан.

Көнілдің осы күйін тұсін жаңым,
Тағдырдың талмап журмін ұсынғанын.
Өмір аты дәм толы дастарханнан,
Өзіңсің қазір мениң тұшынғаным.

1996 ж

Омірлік сыйлап өтсөң болды мені

Өзінмен домбырама күй келеді.
Өзін боп тағдыр маған сый береді
Жауапсыз махаббатым кала берсін,
Мен сүйгемен сен өзің сүйе мені.

Сезімім саған деген мәлдір еді,
Мәлдірлік көндірмеске көндіреді.
Отына махаббаттың күйме жаңым,
Омірлік сыйлап өтсөң болды мені.

Жаңым ау айтартмысың ақ сөзінді

Көнілім кейде сұып, мұздайтындағы,
Сарылып сорлы жүрек, сыздайтындағы.
Жаңым ау ашартмысың жан сырынды,
Сөз ед-деп кептеп жүрген сізге айттылмай.

Өзің боп өміріме өн беретін,
Махаббат жағар ма екен сөнгсн отын.
Жаңым-ау айтартмысың Сізге мұлде,
Жан жоқ деп бұл әлемде тен келетін.

Сейілтіп КҮДІК деген мұнарды ептең,
Өсер ме ед СЕНИМ деген шынар көктеп.
Жаңым ау айтартмысың ақ сөзінді.
Қалаулың болсам Сізге арман жоқ- дсп.

1996 ж

Әзгениң бұл дүниеде керегі жоқ

Жан емеспін қызылға елігердей,
Жан да емеспін қызыққа желігердсій.
Шыдармын тағдыр салса бар азалқа,
Тек қана тұра алмастын сені КӨРМЕЙ.

Шығарса сынғыр үнді күміс көмей,
Даусынды тыңдай берсем дым істемей.
Шыдармын тағдыр салса тәлкегіне,
Тек ғана тұра алмаспыш сені ЕСТИМЕЙ.

Жаяудай қалын қарда омбылыған,
Өзінді іздеп он тұрып, он құлағам.
Өнгөнің бұл дүние де керегі жоқ,
Сені КӨРІП, ЕСТИСЕМ болды маган.

1996 ж

Жаным ау мұнша неге үлбіредін

Сен маган сайрамаган бұлбұл едін,
Сен маган ашылмаган бір гүл едін.
Сабағы нәзіктіктің солар шақта,
Жаным-ау мұнша неге үлбіредін

Сені ойлап бір кайғырып бір күлемін,
Жүректі бір сипап, бір тілтіледін.
Ажардан ақыл артық жас келгенде,
Жаным-ау мұнша неге үлбіредін.

Кек шөптей жаңа шықкан өртенге өніп,
Барасың құннен қүнге көркемделіп.
Көнілім бүгін көріп жай тапқанмін,
Жолықсам деп тұрамын өртсөн келіп.

Мен смес баратұғын киянатқа,
Жаным сен бойға күдік ұялатпа.
... Білемін сақтадың сен сұлулыкты,
Жиңінда жалғыз маган ұнамакка..

1997 ж

Сәуле жаным

Өзіңсің жазған өлең, салған әнім,
Өзіңсін болашакқа бір қадамын.
Бүгін мен өртегімді жалғастырып,
Ендін сен тағдырыма сәуле жаным.

Өзіңсіз қымбат болмай бар ғаламың,
Өзіңсіз көркем болмай гүлді алаңын,
Қайғы да қуанышта өзін болып,
Ендің сен тағдырыма сәулес жаным.

1997 ж

Жаным ай келіп тұршы анда санда

Бұл күнде өлеңім де, әнім де сен,
Сағынып диуананың күйін кешем.
Жоғалтып сені мәнгі алғандаймын,
Көзіме бес-алты күн қөрінбесен.

Көнілімнің кен жайлауын өрісті етіп,
Жолымыз көрмен еді теріс кетіп.
Жаным-ай келіп тұршы анда-санда,
Сүйгізіп, мандайынан іскетіп.

* * *

Осы мені бакытты етер жок па күн,
Келмедин сен, телефонда соқпадың.
Саған деген сағынышпен күн батып,
Сағынышпен атып жатыр көп тақым.

Келмедің сен тәулік емес, сан айлап,
Таңды атырып, күн батырам сені ойлап.
Берік едім майырылып барамын,
Кірпігіме шық тұруы оңайлап.

Өмір бойы өтпейінші елендеп,
Уақыт тәуіп, ауруымды бер емдеп.
...Кезім жұмсақ сол бір көркем калпынмен,
Кіріп келе жатқаңдайсың “сәлем”-деп.

1995 ж

Сені іздеп жүрек сабылып

Апталап, айлап сағынып,
Не керек өлең жазғаным.
Сені іздеп жүрек сабылып,
Жынданып ксте жаздадым.

Апталап, айлап сағынып,
Не керек әнге косқаным.
Тағы да қалдым жабығып,
Кездесер жерден тоспадың.

Сағыныш деген бір атка,
Мініппін тәнірім құлатпа.
“Сабырдың түбі сары алтын”,
Жетермін мумкін мұратқа

1995 ж

Кызғаныш

Жандармыз туып өскен дала, белде,
Қараймыз күдікпенен қалалы елге.
Сынға атып шыдамымды қайта-қайта,
Жаным сен қала жаққа бара берме...

Өзіне деп жүргенде жаным құрбан,
Естілмей құлғына әнім қырдан.
Қолыннан мен ұстауга жүрексінер,
Өктесіп қысып жүрер бір антұған.

Кетесің қала жаққа еш хабарсыз,
Сені іздеп әлек болар көніл арсыз.
Белінсін мән құшуға бата алмаған.
Құшактап жүрмесін бір оспадарсыз.

Шыдамым быт-шыт болып сынған шөлмек,
Жандаймын айдалада қалған шөлдеп.
Сен мәнің баға жетпес қымбатым сң,
Бір арсыз ойлар ма екен арзанкол деп.

Жүзінде үлбіреген иен көрік,
Түсімде ылғи сені жүрем көріп.
Озіндей кол жетпеген байлығымды,
...Жаным сен қала жаққа бара берме.

1994ж

* * *

Сен маган мынау жалғанда,
Айналдың асыл арманга.
Келсейші ерте қектемде,
Алма ағаш бүршік жарғанда.

Айым ен тұнгі аспанда,
Жолықтай койдаң тосқанда.
Келсейші осы қектемде,
Алма ағаш гүлін шашканда.

Тарылтып ойдың өресін,
Бермейді маза елесін.
Көктемім өтіп барады,
Жаным ау қашан келсесін.

1993ж

Гүлім бе деп жұруші ем...

Гүлім бе деп жұруші ем... шенгел ме едін,
Сыйлымын деп жұруші ем тен көрмедін,
Жыл соңында тәріме толды қонақ,
Жолдас-жора бәрі бар, сен келмедін.

Аямай дәмнің тосып алға бәрін,
Күткенбіз жылға жылдың жалғанарын.
Өзінсіз сөз айта алмай киыстырып,
Солғындау шығып жатты салған әнім.

Барады жылда бітіп ғасырдағы,
Уақыт мың жылдықты асырды әрі.
Бос тұрып дастарханда сенің орның,
Бір шампан осы кеште ашылмады.

Гүлім бе деп жұруші ем... шенгел ме едін,
Сыйлымын деп жұруші ем тен көрмедін.
Тәрімс жиналғанда бар дос-жаран,
Жанымды жабырқатып сен келмедін.

2001 ж

Ақжолға

(Монголиядан көшіп келген
көришімнің баласы тұғандада)
Мен айткан актап болжамды,
Ұл болып тудын, ол занды.
Куантып жатқан жайың бар,
Хадарі менен Ержанды.

Атың да дұрыс аталауды,
Куанттың ауыл Отанды.
Куанттың көрші үйдегі,
Тілектес болған атанда.

Дамылсыз ай мен жыл жылжып,
Басталды тағы мыңжылдық.
Өтілпіз жаңа ғасырға,
Кезеңін туған-бір жырлық.

Жігітсін бойда оты бар,
Шаман жоқ бірақ отырапар.
Бөлөнер бесік болмаса,
Айқалап жылап жатып ал.

Бәрі бір кешпе, ерте мс,
Ессю кслер сркес.
Азамат болып өс Ақжол,
Бабалар өткен өлкеде.

2001 ж

Біздің қыздар

Таланттыдан тартыста кім оза алар,
Сенімнің сскі сенін бұзады олар.
Біздің қыздар шыкқанда сахнага.
Ұмытылар Бибігүл, Розалар.

Өнердің көреметтін бір ұқтырып,
Ән кетер еліктіріп, желіктіріп.
Біздің қыздар көрінер сахнада,
Мәдина, Макпалынды ұмыттырып.

Теніздей басылмаған толқыны әлі,
Бір көзде бигс шықса, толқымалы.
Ал, бірде эстрада әүснімен,
Бұл қыздар сар сазандай бұлқынады.


Бұл қыздар бір-бірінсін асқан дарын,
Бас қосса шарықтатар аспанға әнін.
Арасын қос Қаройдың күймен жалғап,
Жаңғыртар Шат өзеннің шатқалдарын.

Енбекпен жаткан елге тірлік қылып,
Тұргандай бұл қыздармен бірлік кіріп.
Біздің қыздар жыл сайын концертімен,
Қайтады Қызылжарды дүрліктіріп.

Жандар бар өнерлінің тілін білген.
Баршаны иғі ісімен сүйіндірген,
Осындаі тағы бір қыз әншілерді.
Театрдың әртісіндей киіндірген,

...Жылдарды бастаң кештік не бір қызы
Қыздар бол борді бізге өмір сыйын,
Қызығы ауылымның қыздарында,
Солармен көтерілер көніл-күйін.

Маусым 2001 ж



Ленинград селосының көркеменергетикалық 1999 жылы.

Өлеңмен шапан жапсын ақын ағаң

(Ләззат Тасым қызы Жезбаевага)

Атың барда жер таны желіп жүріп,
Асың барда ел таны беріп жүріп.

Халық макалы

Жан ба едің игілікке жаны құмар,
Жомарттың жасап жүрсін көніл тынар.
Барыңды беріп жүріп ел танысан,
Елің де сені танып сезінді ұғар.

Не тілеп, не күтеміз кәсіпкерден,
Адамға адалдықпен несіп келген.
Басыңа жазатайым іс түскен де,
Уақыт ақ-карасын ашып берген.

Дүниес кеткен кездес күрт өзгріп,
Тіршілік қыла алмады-ау жүрт ізденіп,
Нарықтың шыдай алмай қыспағына,
Кебісі көшті ауылдан тоз-тоз болып.

Кетпедің, шыдал қалдың осы бір сөт,
(Көрініп тұрган жердің тасы жұмсақ).
Ауылда жанды қинар жұмыс болса,
Күтеді облыста маслихат.

Жүректен жұртқа мейір шашыраған,
Бұлдамас жақсылығын асыл адам.
Қыздарға костюм алғып бсрғсн саған,
Өлеңмен шапан жапсын ақын ағаң.

2001ж

Карындастым Құлбарам

(Құлбарам Абсаматовага)

Өзі үшін дүние жимаған,
Өзге үшін жанын қинаған.
Ойлаған қамын баршаның,
Карындастым Құлбарам.

Жақтасын іздең тумадан,
Жакындық жолын қумаган.
Жөнсіздікке бармаған,
Карындастым Құлбарам.

Улкенсің деп силаған,
Кішісің деп тыймаган.
Түзу жолдан таймаган,
Қарындасты Гұлбарам.
1987ж

Абай халық мақтаны
(*Оңi Тыныштық Шаменовтікі*)

Алысып мыңмен,
Өкініш мұнмен.
Жаралап нәзік жүректі,
Халықтың қамын.

Болашақ таңын,
Өзегін ертеп жыр етті.
Ак қанат асыл арманы,
Алтың мұра қалды әні.

Дарынды тұған,
Ғылымды күған
Жандарды жүрген дос санап.
Жыларын жаттап.

Сырларын хаттап,
Бекіген талай жас қанат.
Ақындардың ағасы,
Данаалардың данасы.
Көрген көзбен,
Киелі сезбен,
Әлемге елін танытты.
Фасырлар күткен

Қазакка біткен
Тенденсі жок алып-ты.
Өрен ойдың ак таңы,
Абай-халық мақтаны.

1987ж

Аты өлмей жетер әлі сан ғасырға
(*Абай Мұсіреповтың 100 жылдығына*)

22.03.2002

Дәл келіп тұған күні жыл басына,
Сай келіп тұнғызық ой тұлғасына.
Жұзжылдық тойыменен Ғабен бүгін,
Жалғайды бір ғасырды, бір ғасырға.

Қазакта жазба өнердің майталманы,
Халыктын сөйлесдес сөз, айттарда әні.
«Менде жаумын Бейімбет жау болса» деу,
Болды алғаш ұлыстықтың байкалғаны.

Адамды аштық атты от жалмаган,
Нәубеттен көріп жұртын көп сорлаған.
Ажалға басын тігіп Кремльге,
Бесеудің бірі болып хат жолдаған.

Ағысса керкем сөздің топан-селин,
Ер атантың көрсеткен отан сенім.
Ғабсұмсұн көтсірілген сахнаға,
Қызы-Жібек, Баян-Сұлу, Акан ссрің.

Қаламгер кадірлессе қаламгерді,
Болды ма бұл туынды соған белгі?
Еске сап білгендерге Би-аганды,
Көрінді экраннан Амангелді.

Заманды аума-төкпе дала тәзген,
Түсініп көре білген дана көзбен.
Ақыық акын-жайлы-Сәксн жайлы,
Поэма жазып кеткен кара сөзбен.

Айырмай сөзбен істің ак-карасын,
Қасіретін ана тілдің татты алашым.
Сол кезде ұттын сүйер азаматқа,
Сылтапты АБВГЕйдің ат корасын...

Көресің, сүйінесің, қуанасын,
Қас шебер мұсіндең сл анасын.
Мөнгігे тұрғызыпты Ұлпанымсң,
Ерлікten сұлулықтың мұнарасын.

Қайта оянып «Оянган өлкен» бүгін,
Байқатты бар әлемге өркендігін.
Қалмады туған жерін «жат қолында»,
Он рет атап өтті ел өз теңдігін.

Дәл келген туған күні жыл басына,
Сай келген тұнғызық ой тұлғасына.
Елінің мактан тұтар перзентінің,
Аты өлмей жетер әлі сан ғасырга.

2002ж

Алпыс алты

Білмедім аз ба, көп пе бұл жасымды,
Уақыт алпыс алты қырды асырды.
Ешкашан акқа қүйе жаққаным жок,
Алтынга баламадым корғасынды.

Білмедім аз ба, көп пе бұл жасымды,
Ойым жоқ өңгесрәм дер бір ғасырды.
Қызықпен, қуанышпен өтер күннің,
Біразын қайғы деген түн жасырды.

Білмедім аз ба, көп пе бұл жасымды,
Су болып қанша еңбегім күмға сінді.
Әйтесуір дүние күп кеткенім жоқ,
Әуре боп толтырма деп толмасынды.

Білмеймін аз ба, көп пе бұл жасымды,
Жоғалттым жолда талай құрдасымды.
Өмірдің қылы-қылы кезеңінде,
Көнілім бірде өрекпіп бір басылды.

Білмеймін аз ба, көп пе бұл жасымды,
Мен үшін мұнша жасау олжа сынды.
Қауіп пен қатерге де тұра қарал,
Бәйтеге тігіп келем бір басымды.

Білмеймін аз ба, көп пе бұл жасымды,
Қайсын бар ашып берер тұнба сырды.
Бұйырған ризығымды тата берем,
Демендер кәрілікке мен бас ұрды.

* * *

Сөз салтап ойдың парқымен,
Өлеңге қalam тартып ем.
Сол өткен кездің мерзімі.
Жазылар екі алтымен.

Сөзбей тағдыр салмағын,
Тып-тыныш жатқан бар ма күн
Еңбектен тауып еншімді.
Жұрт корып, көштен қалмадым.

Қындық болды жетерлік,
(Жасыру оны боксёрлік).
Кешемін қоңыр тіршілік
Машина мінбей шетелдік

Жалғанға жүрмес базынам,
Өткізді пәни жазынан.
Ортайып бара жатқандай,
Денсаулық деген казынам.

Сыр беріп мінс ақазан,
(Тап дей ме жесік басқадан)
Шаралтың калып кезені,
Шай ішіп... Шаймен bas жазым.

Мен туған күн туыпты

(егіз немерелі болғанда)

Жаздың бір жылы кешінде,
Құм бұйраттардың төсінде.
Келіппін жарық дуниеге,
Шілденің жиырма бессінде.

Шұбаган жылдар көшінде,
Күн сді тұрар ссімде.
Ойлап па ем қызық көрем деп,
Таты сол жиырма бесінде.

Жарқырай түсті күн неге,
Көнілім күндіз тұнде де.
• Нұрланнты қалған өмірді,
Егіз ұл туған шілдеде.

Алпыстан асқан көнсеге,
Мол бақыт емсій немене.
Мен туған күні туыпты,
Егіз ұл-әкі немере.

2002ж



Кыркынан шыккан немерелер. 2002 жыл.

Есікті кейбір қақтырған оған осы жай
(*Ерік Есімұлы Нұрақаевқа*)

*Шебердің қолы ортақ
Шешеннің тілі ортақ
Халық мәтепі*

Ақын шебер сөзбенен өрнек салдырған,
Ақын сазгер ұйқасты үн ғып қалдырыды ән.
Қаламы менен қағазын құннап күн кешер,
Байлығы өлең-үлесі тиғен тағдырдан.

Қызықпас ешбір дүние, малға, алтынға,
Қашан көрсөн жұпның сол бір қалпында.
Күдікке кейде еріксіз бойын билетер,
Енбегін ойлап қалатын мәңгі артында.

Басқаның бағын көрген емес қөпсініп,
Жырларын оқып таныса болды көпшілік.
Құлпытас болып басында тұрса мұрасы,
Қабырына кеткен кездे шөп шығып.

Қаламы жүрсе мастанып, асып тасымай,
Берерге қолы қыскалық етсе жасымай.
Шығарсам дейді жинағын өзі үшін емес, елі үшін,
Есікті кейбір қақтырған оған осы жай.



Өлімің қатты батты-ау қабырғама.

(Тоқтабай Қозғановты соңғы сапарға шығарып салар алдында оқылған өлең)

Алдында қалғаннан соң қабырғана,
Бой алдым көнуге де, сабырга да.
Шәкіртін ұстаз жерлеу бұл не сүмдыш,
Өлімің қатты батты-ау қабырғама.

Мойнына ел сенімін арта алатын,
Жігіт ең көрген өмір салтанатын.
Жез таңдай шешен едің жұрт алдында,
Сейлегенде тілінен бал таматын.

Көп еді берерінде, айтарында,
Келмейді-ау енді дүние қайтaryмға.
Бір кіндіктен тараган үшеу емес,
Алты бала өсірдің қамкорында.

Өтседе өмір күрсспен, айқаспенсін,
Талайға ізгілікпен ой тастап ем.
Келтірмей ақыл табар алтысқа да,
Түбіне жетті дұшпан-науқас деген.

Алдында қалғаннан соң қабырғана,
Бой алдым көнуге де, сабырга да.
Шәкіртін ұстаз жерлеу сүмдыш екен,
Өлімің қатты батты-ау қабырғама.

Бұгінгі ұрпақ сендер үшін арға сын

(Экологиялық өлең)

Табиғаттың бар қымбатын алғасын,
Көп тіршілік таптай қалды жалғасын.
... Кек өзен деп көрсетеді картада.
Сол өзеннің кеүіп қалған арнасын.

Тындай білсең жапырақтың күбірін,
Тұсінер ең зарлы екенін үнінін.
Орман-тоғай орынынан көресін,
Ағаштардың курап қалған түбірін.

Өміріне жерді тонап тапқан нәр.
Откен ұрпақ енді өзінді актап ал.
...Айналаға улы сәуле шашады,
Бір кездері уран берген шахталар.

Ойдан-қырдан су сұраған зар шыкты,
(Бұлак көзін бұл күнде кім аршыпты).
Кел деп атап бұрынғыша келеміз,
Көктемде су жиналатын шалшықты.

Ек теніз толқын атып өксиді,
Өксігсін кім түсініп, естиді.
Аяр жан жоқ азып кеткен Арал мен,
Бекіресі мұнай ішкен Каспийді.

Табиғаттың бар қымбатын алғасын,
Көп тіршілік таптай қалды жалғасын.
Жер ананың жазып алу жарасын,
Бүтінгі ұрпақ сендер үшін арга сын.

* * *

Көрмеді керуен жылдар еру болып,
Ол да етті ердің жасы елу келіп.
Алпысым ақыл қосып есейткенмен.
Бәрі бір кәрілікке берілмедік.

Осылай жылдар өтті тағы алты рет.
Тауып жүр қара жерден табан тірек.
Аңсаймын акпан-қыста жылышықты,
Шілдесде коныр-салқын самал тілеп.

Ой-түрән, жыр тынына күнде салам,
Қаламым бірде жүйрік, бірде шабан.
... Мені әлі кеңес күтер жас санайды,
Сиреген сыйлы ағалар, бірен саран.

Мазмұны

1. Жырларым еді алғашқы.....14
2. Туған ауыл, туған ел.....69
3. Өлеңім сенсің табиғат.....104
4. Кім күткен келеміз деп тоқырауға....126
5. Нарықтың жолы қынды.....136
6. Жылдарды жылдар жетелеп.....152

Компьютерде терген: **Ысқақова Динара,**
Дмитрий Ульянов

Техникалық редакторы және корректоры:
Онғарбай Жанғозы

↓

*Теруге 01.12.2005 жылы берілді.
Басуга 10.12.2005 жылы қол қойылды.
«Кәрімов» жеке кәсіпорынның шағын
баспаханасында басылды.*

*Тиражы: 200 дана
Багасы көлісім бойынша.*

ىىىىىىىىىىىىىىىى

